

сөз бірліктері (*жайнайтуғын, қайнайтуғын, айдайтуғын, сайрайтуғын, шын бұрайтын, деп сұрайтын* сөздер мен сөз тіркестері) жасап тұр.

Лексикалық қайталамаланың үздік үлгілері ақынның өлең шумақтарынан гөрі поэмаларында жиі кездеседі дедік. Эпифоралық тәсілдің осындай бір үлгісін «Толғау» поэмасынан тағы да табуға болады. Мысалы,

Ежелден жаумен – ел болып,  
Дес бермеген **халықты**.  
Албасты сынды патшаны.  
Тымақтай жұлған **халықты**,  
Ашылмастай тұманды,  
Түбіттей жыртықан **халықты**,  
Отанына бақыттың  
Ордасын салған **халықты**,  
Ордадағы досына  
Олжасын салған **халықты**,  
Ойсыратып салам деп,  
Өткеннің кегін алам деп,

Жалмауыз Гитлер жанықты! («Толғау» поэм., I т., 585-596 бб). Мұнда автор ұлы Отан соғысының қанды бастаушысы – Гитлердің жауыздығын авторлы қазақ поэзиясы сарынында жырлайды. Жыраулар поэзиясы үлгісінде жазылған бұл жырда «отанына бақыттың ордасын салған халықтың» жасампаздығын суреттеуде «халық» сөзіне ерекше екпін түсіру мақсатында оны эпифоралық қолданысқа шығарады. «Халық» эпифорасы әрбір екінші жолды қайталанып, оның ерлік қасиеттерін санамалап, тәптіштеп толық жеткізуге көмектесіп тұр.

Өлең тілінде жан-жақты әрі күрделі қызмет атқаратын қайталамалардың тағы бір түрі – синтаксистік қайталамалар. Ақын поэзиялық шығармаларында синтаксистік қайталамалар әр шумақта қайталанып келеді. Мысалы, «Иілме, жас...» деп басталатын өлеңінде былай беріледі:

*Иілме, жас, иімпаздар игенге,*  
Өз ойыңды айт, айқайлап айт, именбе.  
Үйрен бүгін сұмдықтарды сүймеуге,  
Ертең төтеп берем десең күйреуге.  
*Иілме, жас, иімпаздар игенге,*  
Күштілерге сен де күш айт, именбе.  
Бүгін үйрен жалаң аяқ шоқ басып,

Ертең өртке лақтырса да күймеуге. («Иілме, жас...», 161-б). Мұнда автор «иілме, жас, иімпаздар игенге» деген бір сөйлемге екпін түсіріп, шумақ басында қайталау арқылы жастарға шабыт, тайсалмас рух бергісі келеді.

Ақын өлеңдерінде кейде синтаксистік параллельдер шумақтың екі бірдей жолында қайталанып келіп, парцелляциялық тәсілдің әдемі өрнегін салады. Оны автор сөзі ретінде жұмсайды:

*Кемітеді Сырымды*  
*Сарыарқалық былай деп:*  
- Жаңбыры жоқ, желі көп,  
Тұра алмас ем бір ай, - деп.  
*Кемітеді Сырымды*  
*Сарыарқалық былай деп:*  
- Масасы көп, шаңы көп,  
Сырдариясы ылай, - деп. («Сыр жырлары», 13-б).

Ә.Тәжібаевтың синтаксистік қайталамаларды қолданудағы өзіндік бір стильдік ерекшелігі – өлеңде параллель сөйлемдердің құрамын өзгерте, өзара алмастыра келтіруі болып табылады. Мысалы, «Қанжарым жатыр қынапта» деген өлеңінен үзінді алайық:

*Қанжарым жатыр қынапта,*  
*Жатырмын өзім төсекте.*  
*Қиялым қалды жырақта,*  
Өзім де жоқпын есепте.  
*Жатырмын өзім төсекте,*

*Қанжарым жатыр қынапта.* («Қанжарым жатыр қынапта», 76-б) – деген өлең үзіндісінің алғашқы екі жолын автор «қанжарым жатыр қынапта, жатырмын өзім төсекте» деп келтірсе, екінші шумақ басында бұл жолдарды «жатырмын өзім төсекте, қанжарым жатыр қынапта» деп инверсиялап, параллель сөйлемдердің өзгеше құрылымын жасайды. Өлеңге өзгеше әуен, өзгеше саз береді.

Өлең тіліндегі қайталамалар қолданылу жиілігі жағынан да, стильдік бояуы жағынан да, мәтін құрау мүмкіншілігі жағынан да прозадағы қайталамаларға мүлдем ұқсас келмейді. Бұның өзі

қайталама құбылысының әдебиет жанрларында қолданылу сипатына орай жанрлық ерекшеліктерге ие бола алатындығын көрсетеді. Поэзиялық шығармаларда қолданылып, стильдік қызмет атқаратын қайталамалардың өлең шумақтары мен тармақтарында келуі де бірізді болып келеді. Олардың кейбірі бір тармақ көлемінде қолданылса, екінші біреулері түрлі тармақтарда, кейде тіпті шумақтарда келе береді екен. Ақын қайталаманың қай түрі болса да, олардың өлең тілінде еркін де дамыта пайдаланудың орынды әрі тиімді тәсіл екендігін таныта түседі.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. -Алматы, 1998.
2. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. -Алматы: Ғылым, 1973. -212 б.
3. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. -Алматы: Арыс, 1995, -207 б.
4. Кәрімов Х. Қанатты тіл. -Алматы: ҚазҰУ, 1995. -144 б.

Редакцияға 28.12.2010 қабылданды.

## Б. ЖЫЛҚЫБЕКҰЛЫ

### АҚЫНДЫҚ ӨЛЕҢ ЖӘНЕ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

*Based on the continuation of traditions of the author in his paper described the internal features of the author's poetry in the context of the modern Kazakh poetry. And also gives examples of modern Kazakh literature and classical literature from the perspective of scientific theory.*

Қазіргі қазақ өлең өнері өз алдына өркен жайып, жаңалану үрдісінде өзгеше жасампаз ізденістерге бет бұрып келе жатқандығы бәрімізге белгілі. Алайда оның күн санап өз абыройын өрге көтеру барысындағы артықшылықтары мен кемшіліктерін сарапқа салып, асылы мен жасығын айқын айыру жұмысы тыңғылықты қолға алынбай келеді. Қолға алынған күннің өзінде де жалпылама, жадағай пікір-көзқарастар әлі де үстем орынды иелеп тұрғандығы жасырын емес. Сағат сайын адамдардың дүниеге көзқарасы, эстетикалық талап-талғамы және рухани қажеттілігі үздіксіз жаңаланып отырған бүгінгі күнде, оқырмандардың да өлеңге деген ынта-назары жаңашылдыққа бет бұрып, жаңа дәуір талабына үйлесетін тың жасампаз туындыларға мұқтаж болып отыр. Бұл біріншіден - дәуір талабының сөзсіз қажеттілігі болса, екіншіден - қазіргі қазақ өлең өнерінің киелі кара шаңырағын Абайдан соң одан ары биікке көтеруге ат салысқан алаш ақындары мен оның уығын қадаған аға буын ақындарымыздың және бұл күндері сол “Ақ орданың” бой көтеруі үшін отты ой кешіп жүрген қаламгерлеріміздің еңбектерін таразылап-бағалап, болашақ өлең сүйер ұрпақ үшін нағыз өлеңге өрнекті жол ашу кезектегі көзі ашық, көңілі ояу өлеңтанушылар мен дарынды ақындарымыздың ауыр міндеті екендігі шындық. Осындай кезек күттірмейтін қажеттілік алдында қазіргі қазақ өлеңінің дәстүр жалғастығы мәселесінің ішкі иіріміне үңілу біздің алдымыздағы көкейкесті түйіндердің бірі болып отыр.

*Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!*  
*Қанатың қатты, мойның бос.*  
*Исатайдан айрылып,*  
*Жалғыздықпен болдым дос.*  
*Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!*  
*Ел қорыған мен едім,*  
*Мен де айрылдым елімнен,*  
*Көл қорыған сен едің,*  
*Сен де айрылдың көліңнен.*  
*Аспандап ұшқан қызғыш құс!*  
*Сені көлден айырған –*  
*Лашын құстың тепкіні.*  
*Мені елден айырған –*  
*Хан Жәңгірдің екпіні.*  
*Айтып-айтпай немеңе,*  
*Құсалықпен өтті гой*  
*Махамбеттің көп күні! [1, 192 б.]*

Біз бұл өлең жолдарының бойынан Шалкиіз жырындағыдай дидактикалық сарынды байқай алмаймыз. Бұнда ақынның қызғыш құспен “Исатайдан айрылып, жалғыздықпен болдым дос”, “Ел қорыған мен едім, мен де айрылдым елімнен, көл қорыған сен едің, сен де айрылдың көліңнен” деп сырласа отырып, қызғыш құстың көлден айрылу себебін лашынның тепкісінен көру мен өзінің елден айрылу себебін “Хан Жәңгірдің екпінінен” іздеу арқылы, өзінің көңіл-күй иірімінің ішкі арпалысын көрсетуге тырысқандығын

бірден аңғарамыз. Міне, осының өзінен біз Шалкиіз жырау мен Махамбет жырларының мазмұн мен түр жақтан қаншалық дәрежеде бір-бірімен біте қайнасып жатқандығын білуге болады. Алайда біз бұл арада алғашқы жырда дидактикалық сарынның, соңғы жырда лирикалық сарынның басым екендігін аңғарамыз.

Дәл осы сияқты Ақтамберді жырау мен Махамбет Өтемісұлының “Күмбір-күмбір кісінетіп пен Күн қайда толғауларынан іштей де, сырттай да ұқсастықты байқау қиын емес. Өйткені екеуі де халық ауыз әдебиетінің шәкірті, екеуі де өмірін жортуылда өткізген, екеуі де әрі жауынгер, әрі ақын, қол бастаған, қылыштай өткір сөздерімен жұртын сүйсінткен. Түр жағынан бір-бірінен алшақ кетпейді. Салыстырып, жіті көз жіберсек, әлгіндей үндестік, тәсіл, шеңберлік деңгейлестігін “Көк көгершін, көгершін” (Ақтамберді), “Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақ” (Махамбет), “Айғайдан басқа жыр бар ма” (Ақтамберді), “Орай да борай қар жауса” (Махамбет) ұзынды, қысқалы өлеңдерінен көреміз. Қазақ даласының шалғай шеттерінде ғұмыр кешкен екі ақын поэзиясының біршама ұқсастық, үндестіктері, олар өмір сүрген ортаның әлеуметтік теңсіздігінен, билер мен сұлтандардың халыққа жасаған озбырлығына наразылықтың нәтижесінен, бақытты өмірді аңсағандықтарынан туса керек” [1, 384 б.].

*Шер ғой сенің гәккуің,  
Сылаңдаған аққуым,  
Тектілік те, тексіздік – бір Алладан,  
Аққуым.*

*Түгел болса кенейің өксір ме едің сен осы?  
Көлің қайда демейін,  
Елің қайда демейі.*

*Қанатыңнан қайрылдығың,  
Мен де сөйтіп майрылдым.  
Сен – көліңнен айрылдығың,  
Мен – елімнен айрылдым.*

*Көл дегенің тұзды шөл – адыр болды –  
Күлкілі.  
Ел дегенің шуылдақ тобыр болды  
Бұл күні...*

*Күзгын деген қылқұртың бізді алмайды қатарға.  
“Екі жарты – бір бүтін” –  
екеуміз ғой жаһанда.*

*Айдын қайда қонарға,  
Тобыр бәрін жер етті.  
Базар керек оларға, маған басқа керек-ті.*

*Гәккулейсің неге осы бір тереңнен шер қозғап?  
Қанаттыда - сен бекзат,  
Аяқтыда – мен бекзат.*

*Жанарыңда жатыр мұң,  
Жаһанымның жамалы,  
Аққу менен ақынның айырмасы шамалы. [2, 11-12 бб.]*

“Шер ғой сенің гәккуің, сылаңдаған аққуым” деп басталатын бұл өлең де жоғарыдағы жырлармен үндес екендігі “Қанатыңнан қайрылдығың, мен де сөйтіп майрылдым. Сен – көліңнен айрылдығың, мен – елімнен айрылдым” деген өлең жолдарынан өте айқын аңғарылып тұр. Бұл арада лирикалық “Мен” ең алдымен Махамбет жырлары секілді аққу құспен кәдімгі досымен сырласқандай сырласып, оған шер-мұңын төге отырып, сыр ақтарады да, одан соң “Қанаттыда - сен бекзат, аяқтыда – мен бекзат”, “Аққу менен ақынның айырмасы шамалы” деген лирикалық баян арқылы Шалкиіз жырларындағы дидактикалық сарынға бой алдыру негізінде өлеңге нүкте қойылады. Міне мұның өзінен біз бұл өлеңде ақындық өлең сарынның да, ақылдық өлең сарынының да жеткілікті екендігін аңғара аламыз.

Енді біз жоғарыдағы осы өлеңдермен тағы да үндес келетін мына бір өлеңге назар аударып көрелік.

*Көгершіндер!  
Шошымай үйіме кір, өлерсіңдер.  
Ақы алмаймын,  
Қыстан шық жаз келгенше,  
Жаз келгесін, әр жағын көрерсіңдер.*

*Табиғаттан адамның сыйы да ерек,  
Мына қыстың биылғы күйі бөлек.  
Жапырақсыз ағаштар пана болмас,  
Паналаңдар жұпыны үйіме кеп.*

*Қанаттарың қыраулап, шық басуда,  
Келіңдер,  
Нелерің бар ықтасында?!  
Қаласаңдар қонақта иығыма,  
Жем шаашамын төсіме, шық басыма.  
Көгершіндер!...  
Шошымай үйіме кір, өлерсіңдер.  
Асықпаңдар жаз келсін, көгерсін жер.  
Жаз келгесін, әр жағын көрерсіңдер.  
Көрерсіңдер...  
Көрерсіңдер!... [3, 158-159 бб.]*

Бұл өлеңде ешқандай бір өмірден қорытындыланған нақтылы бір философиялық ой бейнеленбеген. Өлеңдегі «Мен» көгершіндерге «Үйіме кір», «Қаласаңдар қонақта иығыма», «Жаз келгесін, әр жағын көрерсіңдер» деген өтініш-тілегін бейне бір өмір тауқыметін тартқан адамдарға айтып отырған сияқты жаны ашып отырып, қиылып айтады. Қиылғанда да өзінің де сондай бір суықта дірдек қаққан күндері есіне түсіп тұрғандай сезім байқатады. Осы бір сезімнің өзінен-ақ ақынның айтар ойы оның ішкі көңіл-күйімен біте қайнасып кеткендігін бірден аңғару қиын емес. Бұл өлеңдегі танымдық көзқарас ақынның көңіл-күйімен жарасым тапқаннан соң барып, оның мейрімді мінез-құлқынан өз бейнесін тауып отыр. Бұл жағы Махамбеттің жоғарыдағы қызғыш құспен сырласатын өлеңінен аумайтындығы анық. Әсіресе бұл екі өлеңдегі екі лирикалық “Меннің” де айналасында сабылысып жүрген адам пендесінен бір сырласатын жан таппай, мақұлық құспен сырласуы ғажап. Бұл текті сезімдік танымдағы тәжірибе сабақтарды ұтымды бейнелеу сыр-сипаты күмістей сыңғырлаған лирикалық өлеңдерге ғана тән өте нәзік қасиет. Оның нәзіктігі сол - ондай өлеңдердің ақынның арпалыстағы жан-дүниесі, мінез-құлқымен біте қайнасып жататындығында. Дәлірек айтқанда, “бұл - шын лирика жемісі. Жеңіл оқылады, бірақ жалықпайсың. Себебі мұнда жаңа түс, жаңа бояу, ең бастысы – қызғылықты ақын жанының қозғалысы бар. Ақынның дәл осы сәттегі көңіл-күйімен табиғат тереңнен табысып, өзгеше психологиялық өріс жасайды” [4, 100 б.]. Сондықтан да біз қара сөзді - төзімділік, ал өлеңді - мінез-құлық деп білеміз.

*Ақындарым өкпелеймін,  
Мені көзге ілмедің.  
Туған жершіл қасиетімді білмедің,  
Тынбай жырлап қайтқан құстың тізбегін.  
Бірақ оған өкпелеп мен жатпаймын,  
Рахат үшін намысымды сатпаймын.  
Туған жердің дәмін аттап,  
Әжелердің қарғысына батпаймын.  
Жанымдағы бар арман,  
Айдыныңда таранған,  
Тұнығыңнан нәр алған  
Жырлай берем туған жердің құстарын,  
Оған мәңгі құштармын.  
Мен сүйемін өмірлік туған елдің  
Көктем, жаз, күз, қыс таңын.  
Байтақ елім ыстық маған  
Тарылып қыстықпаған,  
Сол себепті қажетсіз түстік маған. [5, 102 б.]*

«Ақын және торғай» атты бұл өлең иесі құнтсыздығынан өлеңнің тақырыбындағы «торғай» деген ұғыммен өлеңде баяндалған мазмұнды толық сәйкестіре алмаған. Оның себебі «торғай» атауы жалпылық ұғым да, ал өлең деталі болған “торғай” даралық ұғым. Нақтылап айтқанда, өлеңдегі деталь суық торғайдың өмір өткелдері. Торғайлар өз ішінен Бозторғай, Қараторғай, Қараторғай, Алаторғай, Шымшықторғай деп көп түрге бөлінетіндігі белгілі. Оның ішіндегі Бозторғай, Қараторғай қатарлы торғайлар қыс маусымында оңтүстікке қоныс аударатын қос мекенді құстар. Ал суық торғай болса, қысы-жазы өзі өсіп-өнген жерін ғана мекендейтін бір мекенді торғай. Сондықтан өлең иесі өлеңінің тақырыбын «Ақын және суық торғай» деп қойған болса, онда өлеңінің тақырыбы тіпті де айшықтала түскен болар еді. Бұл өлеңнің жаны - ақынның қысы-жазы өзі өсіп-өнген ата мекенінен аттап шықпайтын суық торғайдың табиғи қасиетін өлеңге нанымды да сенімді деталь ретінде пайдалана білген шынайылығында жатыр. Міне бұл осы өлеңдегі шымыр шындықтың түп негізі.

Ал оның көркемдігі - ең алдымен ақынның суық торғайды ақындарға өкпелетіп сөйлете білуінде жатқандығы белгілі. Туған жерге болған махаббатты дәл осындай бейнелеп көрсете білудің өзі өз алдына тың жасампаздық болып есептеледі. Өлеңде айта қаларлықтай образды сөз-сөйлемдер кездеспесе де, оның жалпы тұлғасы суық торғай образының нанымды бейнесін жанды етіп жасай білген. Өлеңде «жатпайтын», «сатпайтын», «батпайтын» және «ыстық маған», «қыстықпаған», «түстік маған» деген сияқты толымды тоқ ұйқастар түршілдікке бой ұрмай, табиғи өз-өз орнын ой-сезім ағысының қисынына қарай дәл тауып орналасқан. Бұл өлеңде тағы да өлең иесінің «Туған жерге деген махаббаттық» сезімін жырлауда белі әбден жауыр болуға айналған қара өлең ұйқасын бұзып, өзіндік өңі бар еркін ұйқас қалыбын қолдана білуінің өзі де, өлеңдегі көркемдік шеберліктің өз алдына бір қыры.

Бұл арада ерекше көзге түсетіні өлеңнің түрі жағынан біздің жыраулық поэзиямыздың озық үлгісін ұтымды пайдалана алғандығы болып отыр. Ондағы лирикалық “Меннің” ақынға өкпелей отырып, онымен сырласуы бұл өлеңдегі зор жетістік деуге болады. Бұл сұңғыла жырауларымыздың дала еркесі аң-құстармен еркін сырласуының табиғи жалғасы секілді. Бұл арадағы тапқырлық ақынның өзі қалыс қалып, суық торғайды сөйлете білуінде жатыр. Бұл тәсіл өлеңдегі көркемдік бояудың негізгі жетістігі. Әсіресе бұл өлеңде ерекше көзге түсетін нәрсе Махамбеттің қызғыш құсы, Мұқағалидың көгершіні сияқты ақынның суық торғайды сөйлету арқылы, өз көңіл-күйін бейнелеуі оқырманды ерекше әсерлендіреді. Жоғарыдағы екі ақын мақұлық құспен сырласса, ал бұл өлеңдегі лирикалық “Мен” болып келетін суық торғай ақынмен сырласады. Ол ақынға кәдімгі адамша өкпелейді. Сондықтан біз ақынның өлеңдерінің болмыс пен құбылысты кез келген мезгіл, мекенде, қалай болса солай құбылта алатындығына тәнті боламыз да, нағыз ақындықты осындай бір күрделі құбылыс ішінен іздейміз.

Біз қандай да бір өлеңді оқып болған соң, бұл өлең маған нендей ой сыйлады деген сұрауға тап болатындығымыз бәрімізге белгілі. Бұнда кей өлеңдердің өлеңдік өзегін өлеңді оқып болмай жатып-ақ аңғара қойсақ, онда ол өлеңге немқұрайлы көзбен қараймыз да, «бұл нашар өлең» деп, қолды бірақ сілтейміз. Ал кейбір өлеңдерді оқыған соң, сол өлеңнің ішінен бір сиқырлы, сұлу нәрсені іздегендей оны қайта-қайта оқимыз да, ең соңында сол бір тәтті түйсік негізінде ой-қиялымызды бір мәнді түйінге жинақтаймыз. Оны ақынның өмірден қорытындылаған тәжірибе сабағы немесе өлеңнің адамзаттың рухани әлеміне қосқан өзіндік үлесі деуге болады. Әдебиет теориясының тілімен айтқанда өлеңнің өзекті идеясы да міне осы. Өлеңнің үлесі ақынның сезімдік және ақындық таным жақтарындағы өмірден қорытындылаған өз тәжірибе сабағын бейнелейді. Бейнелегенде төте емес, қайта дараланған көркем тәсілдер арқылы ақылды сезімге, сезімді ішкі көңіл-күй мен мінез-құлыққа айналдыра отырып парасаттандырады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, жоғарыдағы өлең иесі өлеңінде суық торғайдың қыста суыққа тонып, жазда ыстыққа күйсе де, туған топырағынан атпап алысқа аумамайтын айнымас, табиғи шындықты өлеңіне өзек етіп, оны мазмұн мен түр жақта көркем бояулармен әшекейлеп, «Туған жер алтын бесік» деген тағылымдық қағиданы өзінше жаңа бір қырынан бейнелеп көрсетіп отыр. Алайда туған жер тақырыбы шиыры көп тақырып болса да, бұл өлеңнің құндылығы - шынайы әрі нанымды детальға жүгінген, еркін ұйқасты өлең түрін құбылта пайдаланған, өзіндік өрнегі бар табиғи көркем шеберліктің астарында жатыр. Бұл өлеңде еркін ұйқас түрін қолданудың өзі де жыраулық поэзияның ықпалы екендігі өз-өзінен көрініп тұр. Енді біз мына бір «Туған жер» атты өлеңге талдау жүргізіп көрелік.

*Тарбағатай - туған жер алтын бесік,  
Өзіңде ашқам өмірге шалқып есік.  
Құсың болып көгіңде қалқып келем,  
Жырың болып отырмын желдей есіп.*

*Жота жолдар секілді алтын қорап,  
Ақ жаулығын тұр шыңың басына орап.  
Толқытады ойымды жартастарың  
Ғасырлардан бетінде қалған жолақ.*

*Тоймай сенің көркіңе тұрмын қарап,  
Тартады сәулетімен байтақ алап.  
О, туған жер құшамын тау-тасыңды,  
Ыстық лебің күн сүйген бойға тарап [6, 38-39 бб.].*

Бұл өлеңде өлең иесі «Туған жер алтын бесік» деп онда өмірге шалқып есік ашқандығын, құс болып көгінде қалқып, жыры болып төрінде көсіліп отырғандығын, бетінде ғасырдан із қалған туған жердің жартастарының адамға ой салатындығын жаза келіп, соңында туған жердің көркем табиғатына көз тастап, оның көркіне тоймайтын ыстық ықыласын білдіріп өлеңін аяқтайды. Өлеңде айтылған шындықтар тізбегі өлең иесі үшін айтқанда расында да солай болғанымен, бірақ өлеңнің бойынан бір бүтін жүйелі тұтас шындықтың жүлгесін кездестіре алмаймыз. Онда бейнеленген шындықтар тізбегі - бүкілдей құрама шындықтар, құрама болғанда бірі баудан да, бірі таудан әрі олар дара бір деталь емес, қайта жалпылама, күңгірт шындықтар тізбегі. Бұл бір өлең шындығының жоғарыдағы «Ақын және торғай» атты өлең шындығына ұқсамайтын жері осында.

Өлең иесі бірде құсқа айналып, бірде жыры болып, бірде тарих жайлы ойға батып жалпылама, жамау-жасқау детальдармен өлең шумақтарын ұйқастыра береді. Өлең жасампаздығындағы мұндай тәртіпсіздік әрқандай бір өлеңнің тұлғалы-тұтас бір жүйелі құрылымға құрылатындығын ерекше ескерменгендіктің айғағы болып отыр. Тегінде, нағыз өлеңдер тірі пенде сияқты басы, тұлғасы, қол-аяғы бар төрт мүшесі сау, көзі жанып тұрған, жүйелі тұтас тұлғалы құрылымнан құралады. Қытай ақыны Әй Шиңнің сөзімен айтқанда: «Ақынның ең басты қабілеті ойлай білуде. Ақын өзара байланысы жоқ заттарды, ой жүгірту арқылы бір жіпке тізіп, тұтас тұлғаға айналдырады» [7, 32 б.]. Сол бір тұтас тұлғалы бүтіндікті өлеңде бейнеленген шындықтың қисынды құрылымы өз мойнына алады. Мұндай қисындылық өлең бойынан жалпылық құрама детальдар арқылы емес, қайта өзіндік дара ерекшелікке ие дәйектер арқылы көзге оттай басылуы шарт. Өйткені жалпылық бар жерде күңгірттік, даралық бар жерде айқындық болатындығы бәрімізге белгілі. Сондықтан «Туған жер» атты бұл өлеңнің бойында бір тұтас тұлғалы жүйеге құрылған шындық жоқ, ол болған күнде де, қиым-сиқымдардан құралған жалпылама, жамау-жасқау, күңгірт шындық. Бұл шындықтарды өзіндік дара қасиеттерімен бір тұлғаландыруға өлең иесінің жасампаздық жалыны мен қарымы әлсіздік танытқандықтан, бұл өлең бойындағы шындық шымыр да нанымды болмай, ол өзінің өміршеңдігін әлсіретіп алған.

Бұл өлеңнің түр жақтағы құрылымынан ешқандай бір мін табуға болмайды. «Құсың болып көгінде қалқып келем», «Толқытады ойымды жартастарың» деген сияқты кейбір сезімге айналған сөз-сөйлемдерге қарап риза болсақ та, «Жота жолдар секілді алтын қорап», «Ақ жаулығын тұр шыңың басына орап», «Тоймай сенің көркіңе тұрмын қарап», «Ыстық лебің күн сүйген бойға тарап» деген сияқты жадағай әрі жаттанды сөйлемдерге қарап, іштей мазасызданып, өлең оқып сергімек тұрмақ, сары тап болып, сарғайып сазарып қаламыз. Мұндағы «Жота жолдар секілді алтын қорап» деген сөйлемді қалай түсінуге болады? «Ақ жаулығын тұр шыңың басына орап» деген кейіптеуден оқырман мезі болғалы қашан?! «Тоймай сенің көркіңе тұрмын қарап» деген сөйлемнің ауыз екі тілден қандай айырмашылығы бар? «Ыстық лебің күн сүйген бойға тарап» деген сөйлемді «Ыстық лебің күн сүйген» деп түсінеміз бе, жоқ, «Күн сүйген бойға тарап» деп ұғынамыз ба? Өлеңдегі осындай олқылықтардың бәрі өлеңнен ләззат алғысы келген оқырмандарды әсерге бөлеп, ойға жетелей алады деу киын. Осы тұрғыдан алып қарағанда, жоғарыдағы өлең расында да оқырмандар ат тонын ала қашатындай, көркемдік бояуы өте әлсіз өлең екендігі пешенеден белгілі болып тұр. Онда қолданылған сөз-сөйлемдер өте сүрең де, өлеңнің жалпы жүлгесі қарабайыр әрі ол көне сүрдек сүлбесімен жасалған. Өлең иесі «О, туған жер құшамын тау тасыңды» деп қанша еміреніп, елжіресе де, оның жасанды бейнесі оқырман сезімін баурай алмайтыны белгілі. Мұндай өлеңдерден ақынның қоғамдық өмірден қорытындылаған айтар ойының не екендігін күтудің өзі артық. Кілең түршілдікті ұстанған бұл секілді нәрсіз жолды өлеңдерді:

*Сағындым мен елімді дамыл таппай,  
Жарайды әр нәрсеге тілген тақтай.  
Түскенде сен есіме туған жерім,  
Жатамын ұзақ таңға кірпік қақпай.*

Немесе:

*Күнде ашы түсірсең де асығыңды,  
Көрмейді жат жер сені тасы құрлы.  
Шеңгел де өз жерінде дүрілдейді,  
Әркімнің өз елінде басы құнды [8, 164-165 бб.].*

деген сияқты көркемдік өресі көкпен таласқан, қазақтың қара өлеңінің табиғи жалғасы деуден де ұяласың!

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 том. - Алматы: Ғылым, 2000. – 568б.
2. Ақсұңқарұлы С. Өмір деген – Күнді айналу. - Алматы: Жазушы, 2005. - 192 б.
3. Мақатаев М. Үш томды шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1991. - 368 б.
4. Кәрібаева Б. Қара өлең және лирика. - Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 2001. - 173 б.
5. Райұлы Н. //Шұғыла. Үрімжі. 1990. № 12. - 102 б.
6. Оспанұлы А. Ақша бұлт. - Пекин: Орталық ұлттар баспасы, 1983. - 111б.
7. Әй Шиң. //Аққу. Күйтің. 1981. № 1. - 32 б.
8. Қара өлең. - Алматы: Жалын, 1997. - 640 б.